

«Тасты ауылының ЖОББМ» КММ
2 «А» сыныбының тәрбие жұмысы бойынша 2-ші жарты жылдық есебі.

Сыныпта 14 оқушы бар. Оның 6 ұл бала, 8 қыз бала. 2023-2024 оқу жылында жыл басында сынып оқушыларын адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жақты, мол сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 3 құндылық бойынша кешенді жоспар бекітілді. Жоспарланған жұмыстар өз уақытында өткізілді. Атап айтсам:

Қаңтар - «Ұлттық код» айында: «Елімді жырға қосамын», «Парасат ақыл мінез жарастығы», «Сен өз құқығыңды білесің бе?», «Отбасылық таланттар» атты сынып сағаттары өткізілді.

Ақпан - Оқуға құштарлық айы. Осы айда «Мақал сөздің азығы», «Тарихқа тағзым», «Мектептегі мінез құлық ережелері», «Өзінді мамандықтар әлемінде тап».

Наурыз - Ұлттық салт дәстүрді дәріптеу айы. Наурыз айында «Ана өмірдің шырағы», «Құқықтық мәдениет және оның маңызы», «Қош келдің өз Наурыз»

Сәуір - экологиялық мәдениет айы. «Қоқысты қайта өңдеу», 12 сәуір «Ғылым күні», «Мен және экология», «Табиғат тамашалары», «Кітапханаға саяхат».

Мамыр - Бейбітшілік пен Татулық айы. «Ұлттар достастығы», «Жеңіс - деген шат күлкісі баланың», «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз» атты осындай сынып сағаттары өткізілді.

Жеке оқушылармен оның ішінде талантты және дарынды балаларға күрделі тапсырмалар берілді. Ата-аналармен тоқсан соңында оқушылардың оқу үлгерімі, кездескен қиындықтар және оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында жиналыстар өткіздім. Кейбір ата-аналармен оқушылардың білімі мен тәрбиесі төңірегінде жеке және топтық кездесулер өткіздім.

Сыныпта өткізілетін тәрбие сағаттары мен тәрбиелік мәні бар іс-шаралардың уақытында өткізілуі нәтижесінде құқық бұзушы бала, ата-ана жоқ.

Нәтиже: Оқушылардың бойынан жүргізілген әрбір тәрбие сағаттары арқылы Отанға, мектепке, отбасына деген сүйіспеншіліктері оянды. Адамгершілік, имандылық, үлкенді сыйлау, кішіге көмек қолын созу, көпшілік ортада, жолда өзін қалай ұстау керек екенін үйренді. Мен оны оқушылардың сабаққа қызығушылықпен қатысуынан байқадым.

